

# Туристік қызметті лицензиялау тәртібі

Әмір Айдана

- ▶ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына (бұдан әрі -«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заң), «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі — «Лицензиялау туралы» Заң), өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді және уәкілетті органның-лицензиардың туристік қызметті (туроператорлық, турагенттік, экскурсиялық қызметтерді және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін) жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензия беру тәртібін, шарттарын, есебін жүргізуін белгілейді.

- ▶ -Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы ережемен белгіленген талаптарды сақтаса, Қазақстан Республикасының жеке жаңа заңды тұлғаларына лицензия алу құқығы беріледі.
- ▶ -Шетелдік заңды тұлғалар және олардың Қазақстан Республикасы аумағында құрылған әрі турагенттік қызметті жүзеге асырушы филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының туристік ұйымдарына арналған сондай шарттарымен және тәртіппен лицензиялануы тиіс.
- ▶ -Туристік қызметті (туроператорлық, турагенттік, экскурсиялық және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін) жүзеге асыру құқығы үшін берілетін лицензия болып табылады.
- ▶ -Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүреді.
- ▶ -Өтінуші лицензия алғаннан кейін лицензия берілген кезден бастап жеті ай ішінде көрсетілетін туристік қызметтерге сертификат алуға міндетті, содан кейін олардың көшірмелерін лицензиарға тапсырады.

# Жоспары:

- ▶ 1. Лицензия беру тәртібі мен шарттары
- ▶ 2. Біліктілік талаптары
- ▶ 3. Лицензия беруден бас тарту, лицензияны тоқтату, қайтарып алу және оның қолданылуын тоқта тұру
- ▶ 4. Есепке алу және бақылау



**1**

***1-бап 15 бөлімнен тұрады***

## 1.Лицензия мынандай туристік қызмет түрлерінің әрқайсысына беріледі:

- ▶ -туроператорлық;
- ▶ -турагенттік;
- ▶ -экскурсиялық;
- ▶ -туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуі.

**2. Заңды тұлға- өтінушінің филиалдары мен өкілдіктері құрамында лицензияланады. Филиал немесе өкілдік туралы ереже мен тіркеу құжаттары лицензиарға көрсетілуі тиіс.**

**3. Заңды тұлға-өтінуші филиал немесе өкілдік ашқан жағдайда, 30 күн ішінде лицензиарды хабардар етеді.**



4.Лицензия субъектіге немесе оның уәкілетті өкіліне сенімхат негізінде беріледі.

5.Лицензия бір данада беріледі, лицензия жоғалған жағдайда, лицензиаттың жазбаша өтініш бойынша төл құжат алуға құқығы бар. Бұл ретте лицензиат туристік қызметтің тиісті түрімен айналысу құқығы үшін алым ( бұдан әрі-лицензиялық алым) төлейді.

**6.Тұлғаның аталуы Заңды, орналасқан жері өзгерген жағдайда, ол бір ай ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды қосып, лицензияны қайта рәсімдеу туралы өтініш беруге міндетті. Лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап лицензиар он күн ішінде лицензияны қайта рәсімдейді.**

**7.Лицензия «Лицензия туралы» Заңмен белгіленген мерзімге беріледі.**

**8.Лицензиардың басшысы не осыған уәкілетті адам лицензияға қол қояды және лицензиардың мөрімен куәландырылады.**

**9.Туристік қызметтің тиісті түрімен айналысу құқығына лицензия өтінушіге осы ережені 3-бөлімінде көрсетілген біліктілік талаптарына сай келген жағдайда беріледі.**

## 10. Туроператорлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- ▶ - белгіленген нысан бойынша өтініш;
- ▶ - лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;
- ▶ - жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- ▶ - кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- ▶ - меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;
- ▶ - білімі және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, қызметкерлердің тізімі;
- ▶ - туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі;
- ▶ - туристік жолдаманың және туристік жарнамасының көшірмесі;
- ▶ - экскурсиялық қызметке лицензиясы бар туристік ұйыммен шарттың көшірмесі немесе оқу орнын бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтамасы бар жолбасшылар, экскурсия жүргізушілер тізімі;
- ▶ - жарнамалық-ақпараттық материалдар ;
- ▶ - туристік бағыттардың тізілімі;
- ▶ - туристерге қызмет көрсету бағдарламасы;
- ▶ - «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңның 17-ші бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі;
- ▶ - туристерге арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат

## 11. Турагенттік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- ▶ белгіленген нысан бойынша өтініш;
- ▶ лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;
- ▶ жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- ▶ кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- ▶ меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;
- ▶ білімі және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, қызметкерлердің тізімі;
- ▶ туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі;
- ▶ туристік жолдаманың және туристік жарнамасының көшірмесі;
- ▶ экскурсиялық қызметке лицензиясы бар туристік ұйыммен шарттың көшірмесі немесе оқу орнын бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтамасы бар жолбасшылар, экскурсия жүргізушілер тізімі;

## 12. Экскурсиялық қызметті жүзеге асыруға лицензиялау үшін мынадай құжаттар қажет:

- ▶ белгіленген нысан бойынша өтініш;
- ▶ лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;
- ▶ жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- ▶ кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- ▶ меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;
- ▶ штаттағы немесе шарт негізінде тартылатын кәсіби даярланған адамдар оқу орнын бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы және медициналық анықтамасы бар жолбасшылар экскурсия жүргізушілер тізімі;
- ▶ жарнамалық-ақпараттық материалдар ;
- ▶ туристік бағыттардың тізілімі;
- ▶ туристерге қызмет көрсету бағдарламасы ;

**13.Туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:**

- ▶ белгіленген нысан бойынша өтініш;
- ▶ лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат; тиісті кәсіптік дайындығын, біліктілігін және туристік бағыттармен жүріп өту тәжірибесін растайтын құжаттар;
- ▶ әзірленген туристік бағыттардың карта — сызбалары және сипаттамалары;
- ▶ денсаулығының психикалық жай-күйі туралы және медициналық анықтама.

**14.Өтінуші ұсынылған құжаттардың анықтығына Қазақстан Республикасының заңнамасымен бірге белгіленген жауаптылықта болады.**

**15.Өтінушінің өткізген құжаттарында қамтылған мәліметтерді тексеру қажет болған ретте, лицензия беру туралы шешім тексеруден соң қабылданады.Тексерудің нәтижелері бойынша тuroператорлық, турагенттік, экскурсиялық қызметтерді,» сондай-ақ туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін жүзеге асыру құқығына лицензия беру**

A red diamond shape with a black outline, containing the number 2.

**2**

***2-бап 4 бөлімнен тұрады.***

A decorative background on the right side of the page, consisting of overlapping, semi-transparent green shapes in various shades, creating a modern, abstract design.



## 1. Туроператорлық қызметті лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

- ▶ жарғыда туристік қызметті негізгі ретінде бекіту;
- ▶ кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- ▶ меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;
- ▶ білімі және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, қызметкерлердің тізімі;
- ▶ туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі;
- ▶ туристік жолдаманың және туристік жарнамасының көшірмесі;
- ▶ экскурсиялық қызметке лицензиясы бар туристік ұйыммен шарттың көшірмесі немесе оқу орнын бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтамасы бар жолбасшылар, экскурсия жүргізушілер тізімі;
- ▶ жарнамалық-ақпараттық материалдар;
- ▶ туристік бағыттардың тізілімі;
- ▶ туристерге қызмет көрсету бағдарламасы;
- ▶ «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңның 17-ші бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі;
- ▶ туристерге арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат.

## **2.Турагенттік қызметті лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:**

- ▶ **жарғыда туристік қызметті негізгі ретінде бекіту;кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;**
- ▶ **меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;**
- ▶ **білімі және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, қызметкерлердің тізімі;**
- ▶ **туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі;**
- ▶ **«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңның 17-ші бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі;**
- ▶ **меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарты;**
- ▶ **тасымалдаушымен шарттар;**
- ▶ **туристік жолдама, турист жарнамасы;**
- ▶ **туристерге арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат;**
- ▶ **жарнамалық ақпараттық материалдар (жөнсілтегіштер, бөктемелер, бейнематериалдар,**

### **3.Экскурсиялық қызметті лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:**

- ▶ кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;**
- ▶ штаттағы немесе шарт негізінде тартылатын кәсіби даярланған адамдар оқу орнын (тиісті курстарды) бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы және медициналық анықтамасы бар жолбасшылар (жолбасшы-аудармашылар), экскурсия жүргізушілер;**
- ▶ әзірленген бағыттар мен экскурсиялар тақырыптары;**
- ▶ туристерге қызмет көрсету үшін меншікті немесе жалға алынған көлік.**

**4.Туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:**

- ▶ **кәсіптік дайындығын, біліктілігін және туристік бағыттармен жүріп өту тәжірибесі;**
- ▶ **өзірленген туристік бағыттар;**
- ▶ **денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтама.**



*3-бап 9 бөлімнен тұрады.*

**1. Лицензия беруден мыша жағдайларда бас тартылады, егер: тuroператорлық, турагенттік, экскурсиялық қызметтерді және туризм нұсқаушысының қызметін көрсетуді жүзеге асыруға заңнамалық кесімдер мен адамдардың осы санаттары үшін тыйым салынса;**

- ▶ **лицензия алу үшін қажетті құжаттардың барлығы ұсынылмаса. Лицензиар лицензия беруден бас тартқан себебтерді өтінуші жойған ретте, өтініш оны алу үшін көзделген жалпы негіздерде қаралады;**
- ▶ **лицензиялық алым енгізілмесе;**
- ▶ **өтінуші біліктілік талаптарына сай келмесе;**
- ▶ **өтінушіге қатысты оның осы қызмет түрімен тиым салынған сот шешімі бар болса.**

**2. Турагенттік, тuroператорлық, экскурсиялық қызметтерді және туризм нұсқаушысының қызметін көрсетуді жүзеге асыруға лицензия берген бас тартылған жағдайда, өтінушіге бас тарту себебтері көрсетілген жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.**

**3.Егер заңнамамен белгіленген мерзімде лицензия берілмеген жағдайда немесе лицензия беруден бас тартуды өтінуші негізсіз деп тапса, ол бір ай мерзімде лицензиардың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.**

**4.Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе өтінушінің құқығын бұзудан туындаған шығындарды өтеу заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.**

**5.Лицензияны басқа заңды және жеке тұлғаларға беруге тыйым салынады.**

**6.Лицензия өз күшін мына жағдайларда тоқтатады:**


- ▶ **лицензияның қайтарып алынуы;**
- ▶ **азаматтың кәсіпкерлік қызметін тоқтатуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы.**

**7.Лицензияны қайтарып алу және оның күшін тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген тәртіпте және негіздерде жүзеге асырылады.**

**8.Лицензияның күшін тоқтату туралы шешімге лицензиат сот тәртібімен шағымдануға құқылы.**

**9.Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан кейін лицензияның күші қалпына келеді.**





*4-бап 2 бөлімнен тұрады.*

**1.Лицензиар берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізеді.**

**2.Осы ереженің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.**

*Лицензиар осы Ереженің сақталуын  
тексеруді Қазақстан Республикасының  
заңнамасында белгіленген тәртіпте  
жүргізеді.*

Назарларыңызға рақмет!